

Құлсариева А.Т.¹, Құрманалиева А.Д.², Тунгатова Ұ.А.³

¹философия ғылымдарының докторы, профессор,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеттің
Ғылыми жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректоры,
ҚР ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі, Қазақстан, Алматы қ., e-mail: a-kulsariev@kaznpu.kz
²философия ғылымдарының докторы, профессор, e-mail: ainura_k80@mail.ru
³PhD докторанты, e-mail: tua20@mail.ru
|әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

**ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ
АҒАРТУШЫЛЫҚ СИПАТЫ**

Мақалада қазақ даласындағы мектеп-медреселердегі білім беру жағдайы, ағартушылық кезеңіндегі діннің рөлі мен орны сарапталды. Қазақтың ұлы ағартушылары Шоқан, Ыбырай, Абайдың еңбектері талданды. Қазақ халқының тарихын зерттеп зерделеуге қосқан үлестері, мәдениетіміз бен рухани өміріміздің ұлағатты ұстаздары ретінде саналатын тұлғалары зерттелді. Олардан қалған өшпес рухани мұралардың арасында ислам діні жөніндегі пікірлері, көзқарастары бүгінгі ұрпақтың назар аударуына әбден тұрарлық деректер ретінде негізделді. Сол тұста қазақ елінің болашағы, бағыт-бағдары қандай болу керек деген сұрақ қазақтың зиялылары мен көзі ашық азаматтарын қатты толғандыруда еді. Мұсылмандық Шығысқа бет бұру дұрыс па немесе Батысқа бағыт ұстап орыспен болған дұрыс па, осы сұрақтарға халқымыздың келешегі үшін жақсылығы мол жауап табу керек болды. Осы бағытта көптеген іс-шаралар, хат алмасулар орын алған болатын. Олардың бірқатары мақалада мысал ретінде келтіріледі. Қазақ зиялылары өз алдына білімді діни білім берумен ғана шектемей, осы діни білім арқылы қалыптасатын тәрбиелілік арқылы қазақ даласында зайырлы білім беру жүйесін қалыптастыруға тырысып бақты.

Түйін сөздер: ағартушылық, ислам, дін, мұсылмандық.

Kulsariyeva A.T.¹, Kurmanaliyeva A.D.², Tungatova U.A.³

¹Doctor of philosophical sciences, Professor Vice-rector for scientific work and international cooperation
Abai Kazakh National pedagogical university, corresponding member of NAS RK; e-mail: a-kulsariev@kaznpu.kz

²Doctor of philosophical Sciences, Professor e-mail: ainura_k80@mail.ru

³PhD students, e-mail: tua20@mail.ru

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

The enlightening feature of education in the kazakh steppe

In this article the system of education and place of religion in schools and madrasas of the Kazakh steppe is analyzed. The works of great Kazakh steppe thinkers Abay Konanbayev, Chokan Ualihanov and Ybyrai Altynsarin are examined. Their personality is that of great teachers who contributed to the formation of culture and spiritual life of our people. Among the priceless heritage they left behind are their views on Islam, their views on religion are a real asset and a source for today's youth.

During this period, the future of the Kazakh people, or rather the question of the direction of which will need to adhere to, very worried elite and enlightened people. Whether it was necessary to turn the face to the Muslim East or whether it was necessary to follow the Western direction and be together with the "Russian world", it was very important to think over this issue in a comprehensive way for the fruitful development of the future of the country. In this regard, a lot of activities and censuses were carried out. The article provides several letters as an example. Kazakh educators, in their turn, wanted to focus not only on religious education but also to give an opportunity to the formation of a certain system of education in general with the help of religious education, according to Kazakh mentality.

Key words: enlighteners, Islam, religion, Muslim.

Кулсариева А.Т.¹, Курманалиева А.Д.², Тунгатова У.А.³

¹Доктор философских наук, профессор, проректор по научной работе и международному сотрудничеству, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, член-корреспондент НАН РК, Казахстан, г. Алматы, e-mail: a-kulsarievaa@kaznpu.kz

²Доктор философских наук, профессор, e-mail: ainura_k80@mail.ru

³PhD докторант, e-mail: tua20@mail.ru

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

Просветительская черта образования в казахской степи

В данной статье была проанализирована система образования и место религии в школах и медресе казахской степи. Были рассмотрены труды великих мыслителей казахской степи – Абая Конанбаева, Шоқана Валиханова, Ыбырай Алтынсарина, исследована их личность в качестве великих учителей, способствовавших становлению культуры и духовной жизни нашего народа. Среди бесценного наследия, оставленного ими, их взгляды об исламе, их мнения относительно религии, являются настоящим достоянием и источниками для современной молодежи. В данный период времени будущее казахского народа, а точнее вопрос о направлении, которого нужно будет придерживаться, очень волнует элиту и просвещенный народ. Нужно ли обратиться к мусульманскому Востоку, либо нужно придерживаться Западного направления, или быть вместе с “русским миром”? Для плотворного развития будущей нашей страны очень важно было бы продумать данный вопрос разносторонне. В этой связи нами проведены ряд мероприятий и переписка. В статье в качестве примера приводятся несколько таких писем. Казахские просветители, в свою очередь, желали не только ориентироваться на религиозное образование, а именно но и с помощью важных аспектов религиозного образования воспитания дать возможность становлению определенной системы образования в целом, свойственной для казахского менталитета.

Ключевые слова: просветители, ислам, религия, мусульманство.

Кіріспе

Қазақ ағартушылары өз еңбектерінде оқу-ағарту және тәрбие мәселесіне айрықша тоқталады. Медреселерде жүргізілетін діни оқу қазақтардың мәдениет пен білімге деген қажеттілігін қанағаттандыра алмады. Мектептер мен оқу орындарын кеңейтіп, оларды басқа негізге сүйеніп қайта құру қажеттілігі туындады.

Қазақтың ұлы ағартушыларын сөз еткенде, алдымен Шоқан, Ыбырай, Абай сияқты ислам діні қазақ даласына кеулеп еніп келе жатқан ХІХ ғ. ІІ-ші жартысында өмір сүріп, қазақ халқының тарихын зерттеп зерделеуге үлкен үлес қосқан, мәдениетіміз бен рухани өміріміздің ұлағатты ұстаздары саналатын ғұламаларды атаймыз. Олардан қалған өшпес рухани мұралардың арасында ислам діні жөніндегі пікірлері, көзқарастары бүгінгі ұрпақтың назар аударуына әбден тұрарлық деректер болып табылады.

Шоқанның еңбектерінен оның Ислам дінінің тарихын және оның қазақ жеріне қалай тарағанын жете білгенін аңғаруға болады. Ол мұсылманшылдықтың орнығуын өз шығармаларында аса бір білгірлікпен талдады. Шоқан өз басы діндар болмаған, тіпті дін туралы наным-сенімге сын көзбен қараған адам екені мәлім. Оның рухани бейнесі, қоғамдық ой санасы қалыптасып келе жатқан кезде қазақ жеріне Ислам діні әлі тарап кеткен жоқ болатын. «Мұсылмандық әзірше біздің сүйегіміз бен

қанымызға сіңіп бола қойған жоқ. Қазақтардың арасында әлі Мұхамедтің атын білмейтіндер көп... қасиетті Нестор заманында Русьте болған сияқты, енді біздің сахарада да қазір қос дін дәуірі болып жүр», – деп жазады ол (Уалиханов, 1985а:197).

Расында, Шоқан, Абай, Ыбырай тұсында Ислам дінін таратуға патша өкіметі, жергілікті ел билеушілер, сондай-ақ қожа-молдалар тарапынан орасан мол күш-жігер жұмсалып жатқанымен, ол әлі қазақ жеріне қанат жайып үлгермеген еді. Бірақ бұл тұста қазақ арасына Ислам дінін насихаттау қарқынды да қарымды жүргізіле бастаған еді. Оған патша өкіметі де мүдделі болды. Мақалада осы жайттарға қатысты тұжырымдамалар беріледі.

Негізгі бөлім

Ислам дінінің қалай таралғанына назар аудара келіп, Шоқан оның қазақ жеріне үш жақтан оңтүстіктен, солтүстіктен және батыстан енгендігін айтады. Оны насихаттауға Ираннан, Орта Азиядан және Қазаннан шыққан қожа молдалар атсалысқандығын, әсіресе татар молдаларының белсенділігі күшті болғандығын айтады.

Шоқан Ислам діні ғылым мен білімді дамытуға жол бермейді, бөгет болады, кесірін тигізеді деп есептеді. «Мұсылмандық пен білімділік – қарама-қарсы, бір-бірімен

қатыспайтын, бірін-бірі теріске шығаратын ұғымдарға саяды» – деді.

Шоқан діннің, әсіресе, қазақ даласына татар және Бұхара молдаларының таратып жүрген діни қағидаларының халыққа тигізіп жүрген зиянын баса айтады. Қазақ жұртына бұл молдалардың айтып жүрген уағыздары «ой мен сезімнің дамуын тежейтін өлі схоластикадан басқа ештеңе әкелмейді», – деп көрсетеді (Уалиханов, 1985а:71).

Сонымен бірге ол XIX ғ. орыстың кейбір зиялыларының тарапынан қазақтың мұсылманшылыққа беріліп кете қоймағынын көріп, оларды христиан дініне тарту әрекеттерінің болғанын айыптады.

Шоқан қазақтардың ой-санасын діннің қандай да бір түрінен аман сақтауды қалады. Ол туған халқының діни фанатизмге салынбай, салиқалы, салауатты өмір кешкенін көргісі келді.

Бұл тұста қазақ елінің болашағы, бағыт-бағдары қандай болу керек деген сұрақ қазақтың зиялылары мен көзі ашық азаматтарын қатты толғандыруда еді. Мұсылмандық Шығысқа бет бұру дұрыс па, немесе Батысқа бағыт ұстап орыспен болған дұрыс па, осы сұрақтарға халқымыздың келешегі үшін жақсылығы мол жауап табу керек болды. Бұл туралы Шоқан «Қазір ескі мен жаңаның арасында бірден байқала қоймайтын, бірақ өте қатал күрес жүріп жатыр. Бірі – мұсылмандық Шығысқа, екіншісі – орысқа еліктейді», – деп жазды (Уалиханов, 1985б:80).

Шоқан қазақтың озық ойлы азаматтарының алдына өмірдің өзі қойып отырған өте келелі сұраққа бірден бір дұрыс жауап берді. Ол орыс мәдениетінің озық үлгілерінен үйренудің қажеттілігін айта отырып, «тым қазақшыл», «тым шығысшыл» немесе «тым орысшыл» болмай, Батыс пен Шығыстың ең жақсы, көңілге қонымды жақтарын алудың қажеттігін ашып айтты. Ол ұлттық қасиетті ұлтшылдық астамшылықтан жоғары қойды.

Шоқанның дін жөніндегі көзқарастарын қазақтың ұлы ағартушысы Ыбырай жақсы білді. Ыбырай да Шоқан сияқты қазақ халқының тарихы мен тағдырына мықтап көңіл бөлді. Ыбырай ұлы ағартушы болды. Егер оған дейін қазақ жерінде мұсылман мектептері арқылы діни оқу өріс алса, Ыбырай азаматтық мектептер ашып, онда қоғам дамуының, әлеуметтік өркендеудің, тұрмыс-тіршіліктің қажетін өтейтін ғылым негіздерін оқыту ісін жолға қойды.

Ыбырай Ислам дінінің қайшылықтарын ашкерелеуге, оның қажеттіліктерін көрсету

сияқты мұсылманшылдықты айыптайтын әрекетке барған жоқ. Ол бүкіл әлемді, табиғатты жаратушының жаратқанына шек келтірген де емес. Бірақ ол Ислам дінін уағыздаушы, насихаттаушы, таратушы адамдардың арасында дүмше молдаларға, дүмбілез, сауаты жоқ солақай діндарларға ашық қарсы шықты. Ал Ыбырай заманында мұндайлар өте көп болды. Әсіресе білімі кем, берекесіз дүмше молдалар қазақ жеріне қаптап кетті. Бұл молдалардың арабша оқытудағы өрескелдіктеріне қазақтан шыққан азды-кемді көзі ашық зиялылар жаны түршіге қарсы шықты.

Ыбырай азаматтық ғылым, біліммен бірге діннің ғылыми негізін, тарихын жақсы білген. Ол өзінің бұл саладағы білімінен «Мұсылманшылдықтың тұтқасы» («Шариғат-ул-ислам») деген қазақша кітап жазған Татар, түрік т.б халықтар аят, хадистің мұқтаж, керекті бұйрықтарын өз тіліне көшіріп, түсінетін кітаптар шығарып, діннің ғылымын жұрттарына жайды. Бірақ біздің қазақ тілінде әркім түсініп оқып немесе біреу оқыса, тыңдаған қара халық түсініп отыратын бірде бір кітап жоқ. Сол себептен жалғыз кітап таныған молдалар болмаса көп қара халық өзінің діні не екенін де кәміл түсінбейді. Мұны көріп біз... Қарындас, халқымыз қазақ жұртына пайда келтірмек ниетпен һәм қараңғы туғандарымызды түсінік тілмен өзінің дінін түсіндіру үшін бұл кітапты жазуға кірістік» – деп, бастаған ол кітаптың алғы сөзінде.

Ыбырайдың «Мұсылманшылдықтың тұтқасы» («Шариғат-ул-ислам») кітабын жазып шығаруына екі түрлі жағдай себеп болды: біріншіден, сол заманда қазақ ауылдарында оқытылатын діни кітаптар «Иманшарт», «Кәлем шариф», «Әптиек» т.б. араб тілінде жазылғандықтан, оның мазмұнын не молда, не оқушы түсінбей құрғақ жаттаумен болды. Ал діни оқулықтардың мазмұнын жете түсінбеген дүмше молдалар шариғат қағидаларын өздерінше бұрмалап теріс түсініктер беретін. Ыбырай ислам дінінің аяттарындағы адамгершілік, иман-жүзділік, қайырымдылық қағидаларын өзінің педагогтық көзқарасына негіздей отырып түсіндіруді көздеді.

Екіншіден, XIX ғ. II жартысында қазақ даласына тараған әдеби кітаптардың бәрі дерлік Қазан, Уфа қалаларында басылып шыққандықтан және оларды жинап бастырып шығарушылар ағайындылар Каримов, Бороновский сияқты татар оқығандары болғандықтан, олар қазақ әдебиетінің үлгілеріне татар тілін араластырып, тіл шұбарлауға белсене кірісті. Ал Шоқан, Ыбы-

рай, Абай сияқты қазақтың ойшыл ұлдары ұлт тілінің тазалығы үшін күресті.

Бұл жөнінде Шоқан «орыс халқының византиялық дәуірді өткені тәрізді, татар дәуірін бастан кешіру сияқты қатерлі белес тұр» – десе, Ыбырай «Мұсылманшылықтың тұтқасы» атты еңбегінің кіріспесінде «...біріншіден қазақ жастарының дін жөніндегі түсініктері теріс бағытқа түсіп кетпеуі үшін, ал екіншіден, қазақ арасында жазба татар тілінің орынсыз етек алуына жол бермеу үшін осы оқу құралын құрастыруға кірістім» – дейді (Алтынсарин, 1884а:78).

Ыбырайдың бұл кітабының құндылығы, біріншіден, мұсылман дінінің шариғат заңдарына ана тілінде түсінік беруі болса, екіншіден діни терминдердің мән-мағынасын ашуға зер салуында, үшіншіден (ең бастысы) шариғат заңын өмір тіршілігімен, адам тәрбиесімен тығыз байланыстыра талдауында болып отыр. Ол діннің өзін тәрбиенің құралы деп қарады. Мысалы, Ыбырай осы кітаптың кіріспесінде «Имансыз еткен жақсылықтың пайдасы жоқ... мәселен, біреу намаз оқыса да, ол намаздың көңілі дұрысталмаса, әлбетте ол намаз болып табылмайды» деп адамның не нәрсеге болса да берік сенімі жүректен терең орын алмаса, ол нәтиже бермейді деген қорытынды жасайды. Екінші, Ыбырай мұсылмандықтың бес парызының бірі ораза тұту, намаз оқу болса, оны да жұртты алдау үшін немесе құдай алдындағы парызымды өтей салып, жұртқа мұсылман болып көрінейінші деген айла-әрекетпен іске асырудың өзі күнә деп түсіндіреді. Үшінші, көңілдегі жақсылық-жамандық ниеттер сол адамның іс-әрекеті арқылы сыртқа көрінеді. Қашан да иман мен дін мәнісін шын көңілдің адалдығымен насихаттағанда ғана ол құдайдың сүйген құлы болады, онсыз тілдің ұшымен дінді өтірік насихаттау күпірлік деп түсіндіреді.

Ыбырай осы кітаптың «намаз турасында» деген бөлімінде намаз ішінде он екі парыз бар, оның алтауы тысқары, алтауы ішкері парыз. Тысқары парыздардың (денені тазалау, намаз оқитын жерді пәк ету, денені жабу, денені дұрыс қимылдату, қолды, аяқты, басты қимылдату) бәрі тән тәрбиесіне арналады, ал ішкі парыздардың ой-пиғылды намазға арнап беріліп оқу және тәрбиесіне арналады» – деп тән мен жанның тәрбиелік бірлігінің намаз оқу үстінде іске асатынын айта келіп, Құран сөзіне түсінік береді де, «жақсылық пен жамандық құдайдан деп иланбақтың мәнісі Алла ісіне сенуден туған наным... Бірақ құдай тағала

ешкімді жамандық жолға бұйырмайды, мынау жамандық, мынау жақсылық пен көрсетіп, адам баласына қай жолға түссе де ықтияр береді» – деп адамның жамандық, яки жақсылық іс-әрекет жөніндегі көзқарасы Абайдың жиырма сегізінші қара сөзіндегі «...Әуелі иманды түзетпей жатып, қылған ғибрат не болады? Жоқ, сен жақсылық, жамандықты жаратқан құдай, ауыртқан құдай емес. Байлықты, кедейлікті жаратқан – құдай, бай қылған, құдай емес деп, нанып ұқсаң болар, әйтпесе жоқ» – деген пікірмен астасып жатыр.

Қазақтың екі бірдей ойшыл ғалымы бұл жерде адам тағдыры адамның өз қолында, талаптанып талпынуда, адал еңбек етуде деп дұрыс философиялық қорытынды жасап отыр.

Оқу-ағарту ісінің дін өкілдеріне кіріптарлығын Шоқан да, Ыбырай мен Абай да қатты сынға алып, айқын антиклерикалдық бағытты ұстанды.

Орыс үкіметінің қолдауына сүйенген татар молдалары қазақ балаларының сауатын ашып, адамгершілікке тәрбиелеудің орнына оларды шын мәнінде азғындық жолға салды. Екіжүзділікке итермелеп пара алу, аңқау елді алдап күн көру әдетке айналды. Шоқан өз сынын ең алдымен орыс үкіметіне бағыттады. Патша саясаты қазақ даласында исламның үстем болуын көздеді. Құлқынның құлына айналған дүмше молдаларға бала оқытуды сеніп тапсыру ақылға сыйымсыз нәрсе болатын.

«Сахарадағы мұсылмандық туралы» деген мақаласында Шоқан дінбасылары мен молдалардың уағыздары халықтың ойы мен сезімін тежеп, елдік салтынан ажырататынын жазады. «Біздің діни кітапшылдарымыз ертедегі Русь кітапшылдары сияқты өздерінің халықтық салтынан батыл аластауда. Өзіміздің аңыз, эпос, заң және сот әдет-ғұрыптарын олар киіз кітаптың сорақы атауымен масқаралап, ол біздің пұтқа табынушылық ырымдарды, ойынсауық пен той-томалақтарды сайтандық дегеннен басқа атпен атамайды», – дейді Шоқан (Уалиханов, 1985в:200). Ғалымның ойынша, далаға кең тараған әлгіндей келеңсіздіктерге ағарту жұмыстарын жүргізу арқылы тосқауыл қоюға болады.

Дүмше молдалардың надандығы мен дінбасыларының екіжүзділігін әшкерелеу Абай шығармаларында жиі ұшырасады. Абайдың ойымен үндес келетін өлең жолдары Ыбырай шығармаларында да көп кездеседі:

Азған елдің қожасы,
Қыдырып келер есікке.

Бұл үйде кім бар екен деп,
Көзін салар тесікке.
Балаларын бастырып,
Қатындарын састырып,
Төрге қарай ұмытылып,
Тамақ үшін қылығынып,
Дуа қылса керек-ті.

Немесе:

Азған елдің молдасы,
Үлкен болар сәлдесі.
Аса бауыр қылмаңыз,
Оның рас емес олдасы.
Көрмей-білмей біреуге,
Қуәлік берсе керек-ті.

Абайды да, Ыбырайды да оқу-білім мен тәрбие мәселесі жиі толғандырады. Абайдың «Қара сөздеріндегі» өнер, білім, ғылым, адамгершілік жөніндегі пікірлері оның ағартушылық көзқарасын жан-жақты аша түседі. Артта қалған мешеу елінің тағдырын ойлап ақынның жаны күйзеледі. Халықтың мәдениет пен өнерге талпынуы, ақыл-ойының күдіреті қандастарын озық елдер қатарына қосады деп үміттенеді ойшыл. «Сократқа у ішкізген, Ионна Аркті отқа өртеген, Ғайсаны дарға асқан, пайғамбарымызды түйенің жемітіне көмген кім? Ол – көп, ендеше көпте ақыл жоқ. Ебін тап та жөнге сал» (Абай, 1986а:100) Халықты тобырға айналдырмас үшін ел болашағы жастарды оқыту қажет және оларға ана тілінде дәріс беру керек дейді Абай. Өйткені ол кездегі оқу жүйесі баланың ұғымына ауыр тиетін араб, парсы тілдерін үйренуге негізделген еді. «Әуелі мал табу керек, онан соң ғараб, парсы керек», – дегені сол уақыттың шындығын дәл бейнелейді (Абай, 1986б:119)

Абайдың ойынша ағартудың өркендеуі қоғамның даму дәрежесіне байланысты. Себебі, адам баласы тұрмыс тауқыметінен арылып, ертеңгі күнін уайымдайтын шақ туғанда ғана мәдениет пен білімге ұмтылар еді. Абай күн көрістің, мал табудың, мақсатты өмірдің жолын орыс ғылымы мен мәдениетінен іздейді. Орыстың тілі, мәдениеті мен өнері көкірек көзін ашатын дүниенің кілті дейді ол. Орыс тілін жете меңгерген Абай сол арқылы әлем әдебиетінің бай қазынасымен, Гете, Байрон поэзиясымен, Сократтан бастап Европаның ғылыми-философиялық мұраларымен танысады. Ұлы ақын елді орыс тілін үйренуге шақыра отырып, орыс чиновниктерін көргенде, құрдай жорғалайтын жағымпаздықтан сақтандырады.

Ондай қылықты надандықтың бір көрінісі деп білді.

Адамның көп білсем, үйренсем деген талабы қажымай-талмай еңбектенуді қажет етеді. Оқу мен білімге құштар шәкірттердің жігері мұқалмас үшін олардың тілек-талаптары да ескерілуі тиіс. Ата-аналар мен молдалардың балаларды зорлап үйретпек болған оқуы оларды ығыр етеді дейді Абай.

Оқу-ағарту мәселесінің түйіні Абайдың ойынша, үкімет пен оның бөлетін қаржысына байланысты шешіледі. Олай болмаған жағдайда жақсы тілек сөз жүзінде қалмақшы. Ағартушының қырық бірінші «қара сөзі» тәрбие жайы мен ел билеушілерге арналады. Жастарды ғылым мен білімді үйренсін деп күштейтін, қолында билігі, есепсіз байлығы бар адам керек дейді ол. Абайдың бұл ойы еуропалық ағартушылардың «оқымысты монарх» идеясымен үндес келеді.

Қырық бірінші сөзінде Абай өзінің екі ойын айтады: «Қазаққа ақыл берем, түзеймін деп қам жеген адамға екі түрлі нәрсе керек.

Әуелі – бек зор өкімет, жарлық қолында бар кісі керек...

Екінші – ол адам есепсіз бай боларға керек»... (Абай, 1986в:158)

Ғылымның қай саласынан болсын хабары мол ұл-қыздарды оқытып шығарса, сонда ғана қазақ елінің түзу жолға түсетінін айтады. Бірақ халықты қорқытатын күш ешкімде жоқ, оларды көндіретін дәулет те жоқ деп өкінді Абай.

Ұлы ағартушы Ыбырай өзінің прогресшіл ойларын қазақ даласында мектеп ашу ісіне, оқу жүйесін жақсартуға жұмсады.

Бұл дәуірдегі өкіметтің ұстанып отырған саясаты бойынша Патшалық Ресейдің «Бұратана» елдерге әкім етіп тағайындаған отаршыл билеуші аппаратының үгіт саясатын православиенің шіркеуінің дін басшылары жүргізді. Олар мүмкін болғанша қазақ жастарын орысша оқыта отырып, өз ұлтының дінінен, тілінен, салт-дәстүрінен мүлде бездіріп орыстандыру – шоқындыру саясатын көздеді.

Ыбырай 1857 жылы Орынбордағы жеті жылдық мектепті үздік бітіріп шығысымен, өзі атқарған тілмаштық, оқытушылық, инспекторлық қызметтерінің бәрін халық ағарту ісіне арнады. Қазақ халқының келешегі тек өнер-білімде деп түсінген Ыбырай өз ойын іске асыруда екі бірдей кертартпа күшпен алысты. Оның бірі қазақ даласындағы Ислам дініне негізделген қазақ балаларына христиан дінінің заңдарын оқытуды көздеген миссионерлік саясат еді.

Ыбырай өзінің орыс достарына жазған бір хатында: «Молдалар, өздерінің адам басын қатыратын ерекше қасиеттерінің үстіне, қазақтың табиғи тілін де бұзып жүр. Біздің елімізде молда дегендер өте көп жайылып барады. Оларды қазақ арасынан қуып шығуға ешқандай мүмкіндік жоқ, өйткені, молданың абыройына тілі тиген кісі қазақ арасындағы бастықтарға сол бойда-ақ кәпір болып көрінеді. «Мәселенің мәнді жері – қазақтарға татар фанатизмінің ықпалын тигізбеу қазақтардың білім алуына оның кесірін тигізбеу ғой. Осындай ықпалдан құтылу үшін бірте-бірте, бірақ шын құтылу үшін мазмұны балалардың білімін көтеретін, тақырыбы оларды қызықтыратын кітаптарды жұрт бірден қолға алып оқиды, бұл кітаптар, татар кітаптарымен қатар, зор күш болар еді» деп өзінің шынайы ағартушылық идеяларын шәкірттерді ана тілінде оқыту арқылы іске асыруды мақсат етті.

Өзінің ағартушылық, тәлімгерлік ісінде Ыбырай талай қиыншылықтарға кездесті. Оның елден қаржы жинап, орыс-қазақ мектептерін ашып, дүниетану пәндерін оқытуды енгізіп, мәдениет атаулыны насихаттағанын көре алмай өшіккен қожа-молдалар ел ішінде оны «Шоқынған кәпір» деп өсек таратса, енді біреулері 1884 жылы Ішкі Істер Министрлігі мен Орынбор Генерал-губернаторына «Үкіметке қарсы ойы бар», «Социалист» деп арыз жазып, қаралауға дейін барды.

Ыбырай болса өзі ашқан орыс-қазақ мектептерін миссионерлік бағыттағы жат пікірден де, жаттамалы шығыстың діни оқуынан да қорғап бақты. Жастарға шынайы білім беретін дүниетану пәндерді (жаратылыстану, география, тарих, есеп т.б.) оқытуды іске асырды. Қазақ қыздарына арнап мектеп-интернат ашу, колөнер училищесін ашу ісін қолға алды.

Ол орыс-қазақ училищелерінің шәкірттерін сол кездегі прогрессивтік, гуманистік идеяда жазылған К.Д. Ушинскийдің «Балалар дүниесі», Л.Н. Толстойдың «Әліппе және оқу кітабы», Б.Ф. Бунаковтың «Әліппе мен оқу құралы», Тихомировтың «Грамматиканың элементарлық құралы» атты оқу құралдарын пайдалануды ұсынды.

Алдыңғы қатарлы орыс педагогтарының гуманистік идеяда жазылған осы құралдарын басшылыққа ала отырып, қазақтың ауыз әдебиеті мен салт-дәстүрлеріне негізделген екі оқу құралын («Қазақ хрестоматиясы», «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы») 1879 жылы жазып, бастырып шығарады.

Хрестоматияға Ыбырай, біріншіден, қазақ халқының Қара батыр, Байұлы, Жирен-

ше шешен, Тазша бала туралы ертегі, аңыз-әңгімелерін енгізсе, екіншіден, өзінің «Бай баласы мен жарлы баласы», «Таза бұлақ», «Әке мен бала», «Асыл шөп» т.б. ғибратқа, өсиетке құрылған дидактикалық әңгімелері мен өлеңдерін, үшіншіден, «Талаптың пайдасы», «Бір уыс мақта», «Зеректік» т.б. орыс, батыс классиктерінің тәлімдік мәні зор әңгімелерін аударып енгізді.

Ол қазақ жастарын оқытып-тәрбиелеу мәселесін ең басты мәселе деп қарады. Халық үшін қызмет ететін білімді адамдардың қатарын көбейту арқылы қазақ қоғамының мешеулігін жоюға болады, сондықтан жастарды оқытып-тәрбиелеуден, тәрбие ісінің құдіретінен артық еш нәрсе жоқ – деп түйді Ыбырай.

Ыбырай «адам мінезін түзетіп болмайды, сүйеке біткен мінез, сүйекпен бірге кетеді» дейтін феодалдық теріс көзқарасты әшкерелеп, адамның жақсы я жаман болуы тәрбиеге, өскен ортаға байланысты деген қағиданы қуаттап отырды.

Ол өзінің хрестоматиясына енгізген әдеби шығармаларының бәрін негізгі педагогтік ісімен тығыз байланыстыра білген. Яғни, хрестоматияға енгізген шығармаларын іріктеуде, біріншіден, әр халықтың тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрінен хабар беру принципіне жүгінсе, екіншіден, оқушыларды адалдыққа, еңбекке, ұқыптылыққа, талапқа тәрбиелеу, адамгершілік жақсы қасиеттерді олардың бойына дарыту көзделді, үшіншіден жастардың, әсіресе бастауыш сынып оқушыларының түсінігіне жеңіл, тілі жатық әңгімелерді беруге тырысты.

Мысалы, Ыбырай «Ұлықпан әкім» әңгімесін ұсыну арқылы ғылымның адам өміріне пайдасын насихаттауды мақсат етсе, «Жиренше шешен», «Тазша бала» әңгімелерін ұсына отырып, оқушыларды тапқырлыққа тәрбиелеуді көздеген.

Ыбырай аударып, хрестоматияға енгізген орыс жазушылары Пауэльсонның, Ушинскийдің, Толстойдың әңгімелерінде де: қайырымдылық, кішіпейілділік, талаптылық, еңбек сүйгіштік сияқты зор адамгершілік қасиеттер дәріптеліп, оған қарама-қарсы жауыздық, екіжүзділік, дүниеқорлық т.б. жеке-жүзін мінез-құлықтарды әшкерелеу өзекті орын алған. Ыбырай осы арқылы жастарды ізгі жүректі, инабатты, талапты, ел-жұртына пайдалы азамат болуын көздеп отыр. Бұл шығармалардың бәрі халықтық өлең-жыр, мақал-мәтелдерде, насихатталатын гуманистік идеялармен өзектес болып келуінің өзі тектен-тек емес.

Ыбырай өзінің біраз еңбектерін қазақ халқының салт-дәстүрлерінің ерекшеліктерін зерттеп, этнографиялық очерктер жазуға арнады.

1870 жылы Ресейдің география қоғамының Орынбор өлкетану бөлімшесінің тапсыруы бойынша ол «Орынбор ведомствосы қазақтарының өлген адамды жерлеу және оған ас беру дәстүрлерінің очеркі» мен «Орынбор ведомствосы қазақтарының құда түсу, қыз ұзату және той жасау дәстүрлерінің очерктері» атты екі еңбегін жазып тапсырды. Бұл еңбектер орыс қауымына қазақ қоғамының әр алуан тұрмыс-салт ерекшеліктері туралы түсінік берген тұңғыш жазба еңбектер еді.

Онда Ыбырай молдалардың неке қию кезіндегі іс-әрекеттеріне тоқталып, жасы үлкен шалға немесе өзі сүймеген адамға еріксіз бара жатқан қыздың некесін зорлап қию құдай алдында адамгершіліктен, ардан аттау деп айыптайды.

Ыбырай да ұлы ақын Абай сияқты некелесуде бас бостандығының болуын қолдайды. Махаббат бостандығының болуын қолдайды. Махаббат бостандығы үшін күрес ұлы ағартушылардың нағыз шынайы гуманистік көзқарасы еді. Ыбырайдың қазақ халқының салт-дәстүрін зерттеудегі мақсаты да оның елім деп соққан жүрегінің патриоттық сезімінен туған.

Ыбырай кейбір орыс чиновниктері ойлағандай «қазақтардың ұры» және «қарақшы, көшпелі, тағы халық» емес, «өзіндік мәдениеті бар халық» екенін білдіру үшін қазақтың салт-дәстүрін арнайы зерттеп очерк жазған. Қазақтың салт-дәртүрі атаулыны жан-жақты зерттеп жинақтаумен бірге әр ауыл мен болыс басына мектеп ашып, мектеп жанынан монша, кітапхана салып қайтсем қазақ елінің көзін ашамын деп арпалысқан Ыбырай «қазақ халқы деген оқу-білімге сусап отырған халық; әттең бұл іске оқыған адамдардың жаны ашымайтыны есіңе түскенде кейде күйінесің» – деп (Алтынсарин, 1884б:94) ел билеуші орыс әкімдеріне қатты реніш білдірген. Ыбырай орыс мәдениетінен нәр ала отырып, патша үкіметінің отарлау саясатына, патша чиновниктерінің қарапайым халыққа жасап отырған қысымына ашық қарсылық білдірген. Ол жөнінде өзінің «Орынбор листогі» газетіне (1880 жылы 4 сәуірде) жазған мақаласы туралы өзінің досы, ориенталист-ағартушы В.В. Катаринскийге жазған хатында: «Осы мақаламда қазақ еліне орыс селендерін әкеп орнатпақ болған пікірге қарсы екенімді білдірдім. Бұл пікір меніңше, ешбір ақылға сыймайтын нәрсе сияқты. Егер істі дұрыс жүргізе білмесе, онда айттым да қойдым қазақтар – келешегі

жақсы істі ешқандай түзете алмайсың, осындай ерсі жобаларды оқығанда және естігенде салың суға кетеді» – дейді. Ыбырайдың Орынбор генерал-губернаторы Проценко тарапынан қуғынға ұшырауы, оның Ыбырай ашқан мектептерді жауып, оны инспекторлық қызметтен босатпақ болып өзін сотқа беруді ұйғаруы орыс патшасының отарлау саясатына ашық қарсы шығып, қазақ халқының қамын ойлауынан туғанын түсінуі қиын емес.

Оның қазақ балаларын оқытудағы мақсаты – ел билейтін әкімдер даярлау емес, өз халқының кәдесіне жарайтын, елінің прогресс жолымен ілгерілуіне жетекшілік жасайтын азаматтар тәрбиелеу еді. Халық ағарту ісіне ескішіл көзқарастағы ел билеушілері мен патша әкімшілігінің қарсы әрекеттері кедергі келтіріп отырды. Патша әкімшілігі жергілікті халықтан шыққан, орыс тілін жақсы меңгерген, отарлау саясатын қолдап оған қызмет ететін тілмаштар мен төменгі дәрежедегі чиновниктер дайындауды көздеді. Сондықтан ағартушының бастамасын сырттай қолдағанымен, халықты жаппай білімге тарту идеясына қарсы шықты. Ыбырайдың оқу жүйесіне енгізген жаңалықтарын жергілікті дінбасылары да жақтырмады. Олар ел ішінде Ыбырай қазақ балаларын шоқындырып, орыс армиясына қызмет ететін сарбаздар тәрбиелеп жатыр деген лақап таратады. Надандық пен қараңғылық шырмауында қалған көшпелі елдің ескірген тұрмысын қаламайтын Ыбырай ислам дінін өз мақсатына пайдаланатын дінбасыларын аяусыз сынайды. Бірақ Ыбырай Мұхаммед пайғамбардың іліміне қарсы келетін пікір айтпайды. Дінді империялық идеологияны қорғайтын қаруға айналдырған дінбасылары халықты «Мұхаммедтің үмбеті, ақ патшаның қызметшісі болуға» шақырды.

Ыбырай ат төбеліндей аз ғана қазақ зиялыларының басты міндеті – жастарға білім беру, халықтың қамқоры болу деп есептеді.

Туған елінің мүддесі үшін күресу, оның әлеуметтік жағдайы мен рухани мәдениетінің дамуына өз үлесін қосуға ұмтылу – халқын сүйген азаматтың өмірлік мақсаты. Өз елінің пайдасына жарайтын іс тындыруға бел буған адамның жаны жай таппай, еңбегінің жемісін көруге асығады.

«Қазақ хрестоматиясы» 1879 жылы Орынборда басылды. «Бұл кітапты құрастырғанда мен, – деп жазды Ыбырай хрестоматиясының алғы сөзінде, біріншіден, осы біздің ана тілімізде тұңғыш шыққалы отырған жалғыз кітаптың орыс-қазақ мектептерінде тәрбиеленіп жүрген қазақ балаларына оқу кітабы бола алу жағын,

сонымен қатар жалпы халықтың оқуына жарайтын кітап бола алу жағын көздедім». Сол мақсатпен Ыбырай «Қазақ хрестоматиясын» балаларға арналған өлеңдер мен шағын әңгіменовеллаларды құрастырды. Олардың бірқатарын өзі жазды, біразын сол кездегі орыс оқулықтарынан алып еркін аударды. Сонымен бірге кітапқа қазақтың халық әдебиетінің кейбір үлгілерін іріктеп кіргізді.

«Қазақ хрестоматиясы» арқылы жеткен Ыбырайдың бүкіл әдеби мұрасы оның көркем шығарма жазуды өзінің ағартушылық идеясына бағындырғанын айқын көрсетеді. Ол әдебиетті бала санасына әсер ететін, сөйтіп, оны жақсы, үлгілі істерге үйрететін күшті құрал деп ұқты.

Сонымен бірге Ыбырай әдебиетті қоғамдық құбылыс есебінде бағалай білді. Ол шығармаларын өмірдің өзекті мәселелерін суреттеуге арнады. Жеке оқиғалар мен фактілерге өз ойы тұрғысынан баға беріп, оны жас ұрпаққа үлгі ретінде ұсынды. Мұның өзі Ыбырайдың қоғам өміріндегі әдебиеттің қызметін бағалауға орыстың демократиялық әдебиетінің басты қағидаларын негіз етіп ұстай білгенін танытады.

«Қазақ хрестоматиясын» Ыбырай оқу алфавиті негізінде жариялады. Сөйтіп, ол қазақ тілін орыс графикасына көшіруді бірінші рет ұсынды. Орыс алфавиті орыстың тілі мен білімін балаларға үйретуге көп жеңілдік туғызады деп санады.

«Түрлі орыс хрестоматияларынан» «Қазақ хрестоматиясына» жазған алғы сөзінде Ыбырай біраз шығармаларындағы «Түрлі орыс хрестоматияларынан, көбінесе Пауэльсонның хрестоматиясынан» аударылып алғанын айтады. Бұл Ыбырайдың қазақша оқулық жасауда орыс оқулықтарының үлгісін пайдаланумен бірге, балаларға тәрбие беретін шағын шығармалардың басқа халықтағы нұсқауларын да кітапқа кіргізу ниетін көздегенін көрсетеді. Сол арқылы Ыбырай жастарды орыс әдебиетінің туындыларымен, орыстың ағартушылық ой-пікірімен таныстыруды мақсат етеді.

Сөйтіп, ол «Қазақ хрестоматиясына» кірген біраз материалдарды И.И. Пауэльсонның «Книга для чтения и практических упражнений в русском языке», К.Д. Ушинскийдің «Детский мир», «Родное слово», Л.Н. Толстойдың балаларға арналған еңбектерінен алды.

Әрине, белгілі бір ортаның өзіне тән ерекшеліктерін ескермейінше жаңа идеяның іске асуы екіталай. Сондықтан, Ыбырай Ушинскийдің ілімін сол қалпында қабылдамай, оны

қазақ тұрмысына жақындатып, ықшамдап алады. Ұлы педагогтің оқу-тәрбие мәселесіне философиялық тұрғыдан келетін еңбектерін басшылыққа алып, пайдаланып отырды. Прогресшіл педагогикалық теорияның негізін салушы К.Д. Ушинский Аристотельдің және антикалық дәуірдің басқа да ойшылдарының еңбектерін, Бэкон, Декарт, Спиноза, Локк, Руссо, Гольбах және т.б. шығармаларын терең зерттейді. Өзінің «Детский мир» деген кітабында ол бірқатар философиялық ұғымдарға айқын анықтама береді. Осы еңбегінің «Первые уроки природы» деп аталатын бөлімінде «табиғи заңдылық» деген ұғымды былайша түсіндіреді: «Дүниеде болып жатқан табиғат құбылыстарының барлығы да табиғи заңдылық болып табылады, ал осы заңдылықтарды ашатын ғылымды жаратылыстану ғылымы деп атайды». «Адамгершілік заңы» туралы: «Адамға ақыл мен ерік берілген, сондықтан ол ар-ожданына қарай өз мақсатына лайықты әрекет жасайды. Өзім адаммын деп санайтын кісі, – дейді ол, – өз басының пайдасын ойлаумен қатар, барлық адамға пайда келтіретін іспен айналысуға тырысады... өз пайдасынан бас тартып, өзгелерге жақсылық жасайтын қайырымды адамдар да бар, керісінше, өз мақсаты үшін басқалардың игілігін құрбандыққа шалатындар да кездеседі. Олар жұрттың үстінен күн көреді, байлық жинайды. Пайдасынан зияны көп бұл сияқты бақытсыз жандар адамдықтан алыстау өмір сүреді (Ушинский, 1948а:577).

Осы жайларды Ыбырай күдіксіз қабылдайды. «Табиғи ақылдың өзін қоршаған ортаны түсінуге қабілеттілігі», «Табиғат заңында жас баланың бірден ересек адамға айналу кезінің жоқ екені», әрине, оған түсінікті еді.

Оқу мен тәрбиеге байланысты жаңадан туындаған проблемаларды Ушинский де, Ыбырай да тек мектеп көлемінде ғана қолға алмай, одан да кеңірек, Коменскийдің сөзімен айтқанда «баршаны бәрін оқыту» арқылы шешуге тырысты. Ыбырай оқытушыларды іріктеп алу мәселесіне көп көңіл бөлді. Мектептерге арнайы мұғалімдер курсы бітірген жас оқытушыларды қабылдады. Шәкірттерді адалдыққа, әділдікке баулитын оқытушының өзі де адамгершілік қасиеттерге бай болуға тиіс дейді ол. Оқу-тәрбие процесінде басшылыққа алатын оқулықтар тапшы болғандықтан, Ыбырай өзінің хрестоматиясын құрастырады. «Бұл кітапты құрастырғанда мен, – деп жазады Ыбырай оқулықтың алғы сөзінде, – біріншіден, осы біздің ана тілімізде тұңғыш шыққалы отырған жалғыз кітаптың

орыс-қазақ мектептерінде тәрбиеленіп жүрген қазақ балаларына оқу кітабы бола алу жағын, сонымен қатар жалпы халықтың оқуына жарайтын кітап бола алу жағын көздеді» (Алтынсарин, 1988:306).

Ыбырайдың ұйымдастыруымен Илецк, Николаевск, Торғай, Ырғыз уездерінде халық мектептері мен кітапханалар жұмыс істей бастайды. Торғай қаласында қолөнер мектебі ашылады (1883). 1887 жылы тынымсыз әрекетінің арқасында қыздар мектебін ұйымдастыруға патша әкімшілігінен рұқсат алды. Қыздар мектебі 1887 жылы Ырғызда ашылады. Содан соң 1891 жылы Торғайда, 1893 жылы Қостанайда, 1895 жылы Қарабұтақ қалашығында, 1896 жылы Ақтөбеде қыздар мектебі іске қосылады. 1879 жылдан бастап Ыбырай Торғай облысындағы мектептердің инспекторы қызметін атқарады.

Ыбырай оқытушыларға оқу-тәрбие процесінде Л. Толстойдың, Л.Н. Крыловтың шығармаларын, орыс тіліндегі арифметика, тарих, зоология, физика оқулықтарындағы материалдарды пайдалануға кеңес береді. Ағартушының өзі де балаларға арналған бірқатар дидактикалық әңгімелер жазады.

Ыбырайдың дінге байланысты көзқарасына келер болсақ, оны атеист деп атауға болмайды. Оқу, білім мәселесі төңірегіндегі антиклерикалық позициясына қарап, ол дінді мойындамаған деп атауға негіз жоқ.

Ыбырай мұсылман дінінің монополиялық, ресми идеология болып тұрған кезіндегі озбыр түріне қарсы шықты. Мұнымен қатар Ыбырай қазақ балаларына христиан дінін зорлап үйретушілерге де үзілді-кесілді қарсы болды. В.В. Катаринскийге 1888 жылдың жиырмасыншы ақпанында жазған хатында А.Г. Бессонов деген мұғалімнің оқушы қазақ балаларына Інжіл мен оның парыздарын уағыздағаны туралы қатты ренжіп жазды. Ыбырай «...мұнымен, тек оқытушылар мектебінің келешегін ғана емес, онымен қатар, жалпы орыс-қазақ мектептерінің бәрінің де келешегін, мүлдем бүлдіріп алуымыз мүмкін ғой» – дейді.

Ағартушы еңбектерінен дінді айыптап, оның зиянды жағын көрсеткен тұстарын кездестірмейміз.

Ұлы ақын, ойшыл Абайдың дінбасылары туралы пікірі мен ислам діні жайындағы көзқарасы бір-бірінен алшақ жатады. Абайдың поэтикалық мұрасын талдағанда бұл мәселеге М. Әуезов арнайы тоқталып, ақынның бірқатар өлеңдерінде, «Қара сөздерінде» Алланы жиі-жиі ауызға алатынын айтады.

1894 жылы жазған өлеңдерінде Абай:

А құдай бере көр,
Тілеген тілекті

Немесе:

Алланың рахметін,
Яр тұтып әрнеге.
Әр рахмен ол атын
Үйреткен жүлемге, –

деп мұсылмандық тұрғыдан сөйлейді. Абай үшін ислам діні мәдениеттің негізі, танымның діңгегі. Ақын исламға қарсы шықпайды, оны теріс уағыздаушыларды сынайды. Бұл жайға Абай өзінің «Қара сөздерінде» кеңірек тоқталады. Он екінші, он үшінші сөздерінде:

«Енді бұл иман дерлік илануға екі түрлі нәрсе керек. Әуел не нәрсеге иман келтірсе, оның хақтығына ақылы бірлән дәлел жүргізерлік болып ақылы дәлел сипат қыларға жараса, мұны якини иман десе керек. Екінші – кітаптан оқу бірлән яки молдалардан есту бірлән иман келтіріп, сол иман келтірген нәрсесіне соншалық беріктік керек. Біреу өлтіремін деп қорқытса да, мың кісі түрлі іс көрсетсе де, соған айнып көңілі қозғалмастай берік боларға керек. Бұл иманды иман толқиды», – дейді (Абай, 1986г:109).

Ақынның пікірінше, Алла адамның ар-ожданнан өлшем таразысы іспетті. Алла кешпейтін күнә жоқ деп, арысздыққа барғандардың қылығы ақынның наразылығын тудырады. «Иманға қарсы келерлік орында ешбір пенде құдай тағала кеңшілігімен кешеді-дағы демесін, оның үшін құдай тағаланың ғафуына, яки пайғамбардың шафағатына сыймайды уа мүмкін емес. «Қылыш арасында серт жоқ» деген, Құдай тағаланың кешпес күнәсі жоқ» деген жалған мақалды қуат көрген мұндай пенденің жүзі құрысын» (Абай, 1986д:110). Құдайға деген сенім мен адамгершілік ақынның ойынша біртұтас, ажырамайтын ұғым. Құдайдан үміті жоқ адамда ар-ұят та болмайды деп есептейді ол.

Адамның ақыл-ойына, адамгершілік қасиеттеріне тағзым ету – ағартушылардың баршасына тән нәрсе. Шын мұсылмандықтың белгісі, Абайдың ойынша, білуге талаптану және адамның ар-ұяты, қайырымдылығы.

Ислам және басқа да діндердің пайда болуы жаратушы құдайдың бар екенін дәлелдейді дейді ол. Басқа діндер де ислам тәрізді әділдік пен адамгершілікті дәріптейді және әлемді жаратушы күдірет құдайды сүюге шақырады.

«Адамшылықтың алды – махаббат, ғаділет сезім. Бұлардың керек емес жері жоқ, кіріспейтұғын да жері жоқ. Ол – жаратқан тәңірінің ісі» (Абай, 1986е:171).

Шоқанның дінге байланысты пікірі Абайдың көзқарасынан өзгеше. Шоқанның ертедегі адамдардың нанымы туралы, оның ішінде шамандық жайлы зерттеулері қызғылықты. Ол ертедегі адамдардың табиғатты қадірлеп, оған табыну себептерін ғылыми тұрғыдан ашуға әрекет жасайды. «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы» деген мақаласында Шоқан: «Адамның өзі де табиғат әсерімен өмір кешсе, шамандық нанымдарда да жалпылай не біржақты табиғатты қадірлеу бар екенін байқауға болады. Бұл тұрғыдан алғанда, шамандық барып тұрған материализм болып табылады. Ал басқа жағынан алып қарағанда, шамандық нанымдағы о дүниелік адамның рухы – жаны мәңгі жасайтыны туралы түсінік тағы бар, демек, бұл барып тұрған спиритуализм» (Уалиханов, 1985г:171).

Қазақ даласына мұсылман діні тамыр жайғанымен, қазақтардың дүниетанымындағы шамандық пен отқа табыну сияқты наным-сенімдерінің жойылып кетпегенін Шоқан аталған мақаласында жазады. «Барлық шамандық салт-сана, аңыз-әңгімелер көшпелілердің тұрмысымен тікелей байланысты болғандықтан, қазақтарда бақсылықтың қаймағы бұзылмаған, сондықтан да Орта Азияның өткенін зерттеуге қажет деректерді молынан кездестіруге болады» (Уалиханов, 1985г:171).

Шаманизм терминінің өзі терістік халықтарының өмірін бақылаудан алынған, ал қазақтар арасында еш уақытта айтылмаған. Бақсы емдеушілер болған. Егер бағытты анықтау керек болса, онда қазақтардың ертедегі дүниетанымын ең жоғарғы құдай тәңірдің атымен «тәңірлік» деп атау дұрысырақ болар еді. Шын мәнінде қазақтардың ертедегі дүниетанымы зороастралық болған және оның іздері отқа табынудан, емдеу мен тазару әдет-ғұрыптарында сумен, жермен байланысты өте анық байқалады. Зороастризм өз уақытында иудаизмге, христиандыққа, ислам мен буддизмге әсер етті. Зороастризмнің жұмақ пен тозақ туралы, әр адамды өз жанының тағдыры жөнінде жауап беруге міндеттейтін, дүние тағдыры туралы барлығымызға ортақ, әр адамды болашақта үкім күтіп тұрғаны жөніндегі наным-сенімдерін дүние жүзіндегі барлық адамдар мойындайды. Табынудың негізгі объектілері – су және от.

Зороастризмнің негізі – дуалистік, ол алғашқы екі рухани біріншілігін тану мен мен –

барлығын білетін ақылды (Ахурамазда) және ешнәрсе білмейтін, түгелдей кесір (Ангра Майниу) құдайлармен байланысты.

Зороастризм ғылымы «тәртіп ережелерін ғана емес, сонымен бірге тәртіп талаптарының қаталдығын жұмсартатын көптеген әдет-ғұрыптары қамтитын рухани өмірді ұсынды. Бұл дүниеден безінген құштарлыққа шақыратын сенім болады» (Уалиханов, 1985д:50).

Біздің шаманизм мен оған исламның қатынасы туралы ой-пікірдің дұрыстығын Шоқанның тамаша зерттеуі де дәлелдейді. Шоқан, шамандықтың шарлатандық емес, өзіндік белгісі бар терең көзқарас екендігін, шамандық сенімнің дүниеге келуі – жартылай немесе жекелей табиғатты қадір тұту, қастерлеу болып саналатынын ерекше көрсеткен. Шоқан сондай-ақ, отқа табыну, күнді, айды, аспанды ең жоғары құдай деп санау, аруақтарға, өлген аталарының рухына, көшпенділер өмірінің әртүрлі жақтарын қорғаушы рухтарға сену сияқтыларды атап өтеді.

Тәңірлік – зороастралық ұғымдар біздің дәстүрімізде, әдет-ғұрыптарымызда, сенімдерімізде, түсті жоруларымызда сақталған.

«... Шамандық салт-сана жағынан, бақсы-балгерлік жағынан қазақтар анағұрлым мол мұраға иелік етіп отыр. Қазақтар, әуелде, Мұхамедті білмей тұрғанда Алла мен тәңірге бірдей табынып, мұсылман әулиелерінің басына құрбандық шалып, бақсылардың құдіретіне де сенді. Халық отқа табынып, ал бақсылар болса, жын-перілермен қоса мұсылмандардың періштелерін де шақырып, Алланы да мадақтады. Осылай екі дінді араластырып табыну ешқандай қайшылыққа жатпаған, қазақтар екеуін де қосып ұстанған.

Ертеден келе жатқан әдет-ғұрып, салт-сананың қайнар көзі, қазір біз шамандық – ескі наным деп атап жүрген кезінде, бүкіл халық табынған дін еді» деп жазды Шоқан (Уалиханов, 1985е:300).

Зороастризм дініндегілер отқа, суға, жерге, ай мен күнге және т.б. табиғат құбылыстарына, адамға тән қасиеттер – адалдыққа, ашу-ызаға, ақыл-ойға, шынайылыққа табынады. Ақиқатты игілік бастауы деп ұққандықтан баршадан жақсы сөз бен жақсы істі, қайырымдылықты талап ету – адамгершілік өлшемінің жоғарғы сипаты. Шамандықтағы от пен суға табыну ғұрпы бүтіндей зороастризмнен ауысқан дейді Шоқан. Қазақтардың от пен күнге бас иіп, аспан денелері мен көк тәңірге табынуы, ата-баба аруағына сиынып, ауырған адамды емдеудегі ырым-жоралары зороастризмнен қазақ тұрмысына өзгеріссіз

енген деп есептейді ғалым: Тәңір немесе көк тәңірі көшпелілер ұғымында бүкіл дүниені жаратушы және билеуші. Қазақтарда әртүрлі көңіл күйіне байланысты айтылатын «Тәңір тілеуіңізді берсін», «Тәңір жарылқасын», «Көк соққан» деген бата немесе қарғыс түріндегі сөз тіркестерінің қолданылуы содан шыққан. Қазақтар екі дінге – ислам мен шамандыққа – бірдей табынып, Алланы тәңірге, әулиелерді аруаққа теңестіреді.

Ағартушылардың оқу, тәрбие проблемаларына байланысты ойлары әрқилы болды. Ыбырай бірінші кезекте педагогикалық мәселелерді шешуге ұмтылды. Мектептер ашып, оны оқулықтармен, құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету ісімен, оқыту методикасын жетілдірумен айналысты. Шәкірттерінің сауатын ашып, хат танумен бірге ғылым мен техниканың, өнеркәсіптің әр саласынан хабары бар жас мамандар даярлауға бар күшін жұмсады. Мектептерде діннің және дінбасыларының ықпалын кемітуге тырысты. Мектептер діннен бөліну керек деп есептеді Ыбырай. Халық санасына сіңіп, қалыптасқан дәстүрлерді ескере отырып Ыбырай мұсылманша оқуды қолайлы деп санағанымен, орыс миссионерлерінің православие дінін уағыздап, оны жаппай таратуға ұмтылған іс-әрекеттеріне қарсы шықты. Ыбырай миссионерлердің бірқатарымен достық қарым-қатынас жасады. Әйткенмен, олардың ішкі пиғылын сезетін және оны қолдамайтын. Сонымен қатар, мұсылман дінінің қағидаларын менсінбейтін оқытушыларды да сын тезіне салып отырды. В. Катаринскийге жазған хатында былай деп мәлімдейді: «Біздің А.Г. Бессонов ақылынан алжасқан тәрізді. Оның шәкірттерге деген жөнсіз әрекетін басқаша түсіндіре алмаймын. Істің мәнісіне келсек, ол мұғалімдер мектебінің 3-4 кластарына інжілдің өсиеттерін уағыздай бастайды. Шәкірттердің наразы болғанына қарамастан бұл ісін бір ай бойы жалғастырады. Нәтижесінде шәкірттерге ашуланып, әдепсіздік көрсетеді, ал шәкірттер оқудан бас тартады. Ол, өкінішке қарай, тәрбиеленушілерді алаяқ, бұзық деп балағаттап, желкелеуге дейін барады... Бұл сияқты жөнсіздіктер тек мұғалімдер мектебіне ғана емес, жалпы барлық орыс-қырғыз мектептерінің болашағына кесірін тигізеді» (Алтынсарин, 1884в:146)

Қазақ арасына христиан дінін тарату туралы миссионерлер дайындаған жобаға Ыбырай сияқты Шоқан да наразылық білдіреді.

Осындай әрекетке барған, «Сібір қазақтары туралы жарғының жобасын жазған М.М. Сперанский жөнінде Шоқан былай дейді: «Бізді

қайран қалдырғаны Сперанский өзінің амалдары жайлы айтқанда сөз жүзінде мұсылман болып жүрген қазақтарды басқа дінге тарту оп-оңай дейді. Бұл салауатты, таратушы болуына не себеп болды екен?.. Қазақты христиандыққа тарту саяси жағдайға да сай келмейтін еді»...

Қазақ халқының болмысы Ыбырай шығармаларында жан-жақты көрініс тапты: ел билеушілердің әділетсіздігін, паракорлығын, сараңдығы мен рухани таяздығын және әлеуметтік теңсіздікті бейнеледі. Халық ауыз әдебиетін жинастыру, басқа халықтардың аңыз-әңгімелері мен ертегілерін қазақ тіліне аудару, көшпелілердің әдет-ғұрпы мен салтына байланысты зерттеулер, елді надандықтан арылтып жаппай білімге жұмылдыруға әрекеттену – ағартушы еңбектерінің өзегі болды.

Абай өнер-білім мәселесіне кең көлемді, әлеуметтік педагогика тұрғысынан қарайды. Адам тәрбиесі, оның бойына адамгершілік қасиеттерін сіңіру және халық үшін қызмет жасайтын тұлғаны қалыптастыру ұлы ақынның назарындағы басты нәрселер. Адамгершілік тәрбиесі адамның діни нанымдарына қайшы келмей, заман рухына сай, онымен қатарласа жүргізілуі қажет деп ойлайды Абай.

Адамның тұлға ретінде қалыптасу процесінде өскен ортаның, тәрбиенің рөліне үлкен мән береді. Өзінің «15-ші сөзінде» ол осы ойды былайша толғайды: «Егер есті кісілердің қатарында болғың келсе, күніне бір мәртебе, болмаса жұмасына бір, ең болмаса айында бір – өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өміріңді қалай өткіздің екен, не білімге, не ақіретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылықпен өткізіпсің? Жоқ болмаса, не қылып өткізгеніңді өзің де білмей қалыппысың». Бұнда ақын адамның өзіне өзгелердің көзімен қарап, күнделікті істеген ісіне талдау жасауға, өзінің өмірдегі орнын біліп, соған лайық іс-қимыл жасауға міндеттелігін алады.

Шоқан әлеуметтік және мектеп педагогикасы проблемаларын талдауға бармайды. Шоқанның дүниетанымында Орталық Азияны мекендеген халықтар, оның ішінде қазақтар да бүкіл адамзат қауымдастығының бір бөлігі, оның ойынша, орыс және Европа мәдениетінен үлгі алып, өнерін үйрену – қоғамдық санаға өзгеріс әкеліп, елдің заман ағымына сай өмір сүруіне жағдай жасайды (Валиханов, 1984б:94).

Әрине, еуропалық мәдениеттен үлгі алып, меңгеру үшін қазақ халқы ағарту мәселесін іске асыру қажет. Бұл ретте қазақ жұрты үшін орыс мәдениетінің маңызын Шоқан ерекше бағалады.

Осы себептен де көптеген мақалаларында қазақ даласында орыс мектептерін ашуды, басқа да білім ошақтарын көбейтуді кеңес етеді. Қазақ жерінде дәрігерлік жағдаймен жәрдемнің төзімсіз екендігіне қинала көңіл аударады. Алғашқы кезде осы қиыншылықтардың бәрін патша өкіметі шеше алады деп сенді. Г.Н. Потанин «Еуропаға құштарлық Шоқанды өз халқынан ажырата алмады, керісінше, ол тәрбиеленген рух өз елінің қызметшісі болуын міндеттеді – деп жазды.

Шоқан Шыңғысұлы мен Федор Михайлович Достоевскийдің достығы екеуінің Омбыда, Семей мен Петербургте бірге болған кездерінде бір үзілмейді, кейінгі алты жыл ішінде (1856-1862) бұл достық хат арқылы нығая түскенін көреміз. Мәселен, Семейден кетіп бара жатып, Уәлиханов Достоевскийге былай деп жазады: ...Сізбен бірге Семейде өткізген азғана күн маған сондай тамаша әсер етті. Ендігі менің бір ойым сізбен тағы да бір кездесу. Мен адамның нәзік сезімдері мен ақ ниеті туралы жазуға шебер емеспін. Менің Сізге қандай берілгендігімді және сізді қандай жақсы көретінімді, әрине, өзіңіз де білесіз». Бұл хатқа Д.М. Достоевский өзінің шын жүрегінен шыққан жылы сөздермен былай деп жауап қайырды: «Мейірман достым! Сіз мені жақсы көреміз деп жазыпсыз. Ал мен сізге қысылмай-ақ тура айтайын. Мен сізге ғашық болып қалдым. Мен еш уақытта да, ешкімге де тіпті туған ініме де, тап сізге көңілім түскендей құштарлықты сезген емеспін. Бұған талай дәлел келтіруге болар еді, бірақ сізді несіне мақтай берем. Ал енді сіз менің ақ ниетіме дәлелсіз-ақ сенетін шығарсыз деймін». Достоевский өзінің хаттарында Шоқанға пайдалы кеңес беріп, рухын көтеріп, оның алдына аса зор игі міндеттер қойғанын көреміз. Енді бір хатында: Қолға алған ісіңізді тастай көрмеңіз – сіздің материалдарыңыз өте көп. Сахара туралы мақала жазыңыз. Оны Россия халқына түсіндірудің өзі

ұлы мақсат, қасиетті іс емес пе. Еуропаша білім алған тұңғыш қазақ екеніңізді есіңізге толық алыңыз. Тек осы оқиғаның бір өзі ғана ғажайып нәрсе және оны ұғудың өзі сізге көп міндеттер жүктейді. Оның үстіне тағдыр Сізді таза жанды, адал жүректі, абзал адам ғып жаратқан. Артта қалуға болмайды, жоқ болмайды..., деп жазады. Мұндай жанашырлық жалынды сөздерінде Достоевский Шоқанға шын жүректен ақыл-кеңесін білдіріп, оны белсенді іс, батыл әрекетке рухтандыра түседі. Ф.М. Достоевский Шоқан Уәлихановты ерекше қадірлей, бағалай білді. Одан алған заттарының бәрін ол ең қымбат естелік ретінде сақтайды. 1866 ж. Шоқан марқұм болғаннан кейін Достоевский өзінің әйелі А.Г. Достоевскаяға «мына үлкен ағаш сандықты көрдің бе? Бұл менің Сібірлік досым Шоқан Уәлихановтың сыйлығы. Сондықтан да ол маған қымбат. Сондықтан мен өз қолжазбаларымды, хаттарым мен аса қымбатты естеліктерімді осында сақтаймын» – деген сөздерінің өзі Шоқанға деген ыстық ықыласын анық байқатады.

Шоқан дүниетанымы, оның шығармашылық мұрасы мен практикалық іс-әрекеті Орта Азия мен Қазақстанның рухани қалыптасуында үлкен белес болып табылады.

Қорытынды

Қорыта келгенде, Қазақстан ағартушы демократтарына қоғамдық прогресс жолындағы күресті француз немесе орыс ағартушылары сияқты феодализмнің немесе крепостнойлық тәртіптің ыдырау жағдайында емес, үзілмей жалғасып келе жатқан патриархалды феодалды қатынас үстемдігі кезеңінде жүргізуге тура келді. Осыған байланысты олардың көзқарастарында қоғамдық прогресс идеялары, ұлтаралық ынтымақ, достық, орыс халқы мәдениетінің жетістіктері мен игі әсері жайлы ойларымен ұштасып жатады.

Әдебиеттер

- Абай (1986) Екі томдық шығармалар жинағы. Алматы: б. а100- г109-д110- б119- в158- е171.
 Ауэзов М.О. (1960) Федор Достоевский и Чокан Валиханов. Москва.
 Алтынсарин Ы. (1884) Үш томдық шығармалар жинағы Т II. Қазан: б. а78- б94- в146 Алтынсарин Ы. (1988) Тазабұлақ. Алматы: б. 306.
 Валиханов Ч.Ч. (1984) Собрание сочинений в 5- ти томах. Т1. Алматы: с. а71- б94.
 Жетісу энциклопедия. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2004 жыл. — 712 бет + 48 бет түрлі түсті суретті жапсырма.
 Отырар. Энциклопедия (2005) Алматы. «Арыс» баспасы.
 Тарихи тұлғалар. Танымдық - көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған (2009) Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А., Алматы. “Алматыкітап баспасы”.
 Уәлиханов Ш. (1985) Таңдамалы. Алматы: б. д50- б80- г171- а197- в200- е300.
 Ушинский К.Д. (1948) Сборник сочинений. Т IV. Москва: с. 577.

References

- Abay (1986) Eki tomdyk shygarmalar zhinagy. Almaty. p. a100- g109- d110- b119- v158- e171.
- Altynsarin I. (1884) Ush tomdyk shygarmalar zhinagy. T II Kazan. p. a78-b94-v146.
- Altynsarin I. (1988) Tazabulak. Almaty. p. 306.
- Auezov M.O. (1960) F. Dostoyevskiy i Ch. Valihanov, Moskva.
- Zhetisu ehnciklopediya. – Almaty: «Arys» baspasy, 2004 zhyl. — 712 bet + 48 bet tyrli tysti suretti zhapsyrma.
- Otyrar. Enciklopediya (2005), Almaty. «Arys» baspasy.
- Tarihi tırlar. Tanymdyk - keshilik basylym. Mektep zhasyndary okushylar men keshilikke. arnalran. Kurasturushy: Togysbaev B. Suzhikova A. Almaty. “Almaty kitap baspasy”, 2009.
- Ualihanov C.H. (1985) Tangdamaly. Almaty: p. d50 - b171- a197- v200- e300.
- Ualihanov C.H. (1984) Sobranie sochineniy v 5- ti tomah. Almaty, p. a71- b94.
- Ushinsky K.D. (1948) Sbornik sochineniy, T IV Moskva, p. 577.